

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 желтоқсандағы N 1962 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 шілдедегі N 676 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 285 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік жүйені жетілдіру бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 желтоқсандағы N 1962 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жолаушылар мен жүктерді тасымалдаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік жүйені жетілдіру бағдарламасында:

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімнің реттік нөмірі 10-жолы алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі